

КАРАНТИНДІК ҚАТТЫ
ҚАНАТТЫ ЖӘНЕ
СЫМЫРЛАРМЕН,
ТРИПСПЕН КҮРЕСУ
ЖОЛДАРЫ, ТОЛТЫРУ
ҚҰЖАТТАРЫ

ЖОСПАР

Батыстың гүл трипсі

Калифорниялық қалқаншалы сымыр

Комток сымыры

Батыстың гүл трипсі

Frankliniella occidentalis Pergande

Западный цветочный трипс

Жүйелік жағдайы: Insecta, Thysanoptera, Thripidae



Трипстің өсімдіктерді зақымдау белгілері өзгергіш. Қызыл гүлді райхандарда немесе герберлерде не қара қоңыр түстерде олар ақ жолақ болып білінеді. Зақымдаудың бұл типі ақ немесе сары түстерде көріне бермейді. Көңіл қоюды талап ететін инвазия ұрық формасының бұзылуына әкеп соғады. Қияр мен бұршаққынды бұрыштардың пісу кезінде формалары қатты бұзылады. Жапырақтардың зақымдалуы өзгергіш. Бірақ зақымдалған жасушаларға ауа кіргендіктен олар күміс түске енеді, біркелкі өспегендіктен кейпі бұзылады және тыртық тәрізді бедерлер пайда болады.



КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Мынандай жағдайлар сақталса өсімдік тектес өнімдерді әкелуге: ҚР АШМ-нің өкілетті органдары шекаралық бекеттерді, әкелу және өнімді пайдалану жағдайларын белгілеп берген импорттық карантиндік рұқсаты (ИКР), экспортер-елдің өнімде тірі кезендеріндегі батыстың гүл трипсінің және басқа да өсімдік қоректі трипстердің жоқтығын куәландыратын фитосанитарлық сертификаты болса рұқсат етіледі. Өсімдік өнімінде (отырғызу материалы, гүл кесінділері, топырағы бар өсімдік) трипс табылған жағдайда жылыжайлар мен оранжереялар карантинге жабылады. Карантиндік шектеу кәсіпорын территориясынан соңғы тірі трипс табылғаннан кейін 3 жылдан соң алынады

**Калифорниялық
қалқаншалы сымыр**


**Quadraspidiotus
perniciosus Comstock**

Калифорнийская щитовка

**Системалық жүйесі:
Insecta, Homoptera,
Diaspididae.**



Калифорниялық қалқаншалы сымырдың дернәсілдері мен имаголары бұтақтардан, сабақтардан және жемістерден шырын сорып, өсімдікті әлсіздендіреді. Жемістерді зақымдауға тән белгілер – дернәсілдер қоректенген орындардағы қызыл дақтар. Бұл сымыр жеміс дақылдарының аса қауіпті зиянкестерінің бірі болып есептеледі. Зияндылығы кешенді сипат алады. Сымырдың дернәсілдері мен имаголары діңгектерді, бұтақтарды, жапырақтар мен жемістерді зақымдайды



Карантиндік шаралар. Қазақстанға карантинге жатқызылған өнімдерді әкелуге ҚР АШМ-нің Мемлекеттік инспекциясы комитетінің өсімдік карантині бөлімі берген импорттық карантиндік рұқсаты (ИКР) болса рұқсат етіледі. Каолифориялық қалқаншалы сымыр тараған аймақтан ғылыми мақсат үшін отырғызу материалын әкелуге өсімдік карантині бөлімінің материалдар арнайы жабдықталған контейнерлермен келсе ғана рұқсат етуі мүмкін. Қазақстанға басқа мемлекеттерден карантиндік өнімдер әкелу сыртқы карантин жөніндегі ережелермен шектеледі. Міндетті шарттар: карантиндік сертификаты немесе экспортер-елдің мемлекеттік фитосанитарлық органы берген әкелінген өнімде калифорниялық қалқаншалы сымырдың жоқтығын куәландыратын куәлігі болу керек

Калифорниялық қалқаншалы сымыр тараған елдерден әкелінген ауыл шаруашылығы өнімін, ыдыстарды, көлік құралдарын міндетті түрде карантиндік тексеруден өткізу, сондай-ақ осы өнімдер түскен орындарда және оларды сату орындарында егжей-тегжейлі екінші рет тексеру қажет. Егер калифорниялық қалқаншалы сымыр (дернәсілдері, имагосы) әкелінген ауыл шаруашылығы өнімдерінен (тікпе көшеттер, қалемшелер) және көлік құралдарынан табыла қалса, оларды бромды метилмен фумигациялаған дұрыс.

Комсток сымыры

Pseudococcus comstocki Kuw

Червец Комстока

Жүйелік жағдайы: Insecta, Homoptera, Pseudococcidae



Зақымдайтын өсімдіктері: өсімдіктің 300 түрінен астамын зақымдайды: алма, алмұрт, шабдалы, анар, тұт ағаштары, жүзім, лавр, көкөніс, әсемдік дақылдары мен техникалық дақылдар.

Жағырапиялық таралуы. Еуропа: Ресей, Грузия, Азербайжан, Армения, Украина, Молдова.

Азия: Жапония, Қытай, Корея, Өзбекстан, Қазақстан



КАРАНТИНДІК ШАРАЛАР

Қазақстанға карантинге жатқызылған өнімдер әкелуге ҚР АШМ-нің АӨК-і Мемлекеттік инспекциясы комитетінің өсімдік карантині бөлімі берген импорттық карантиндік рұқсаты (ИКР) болса рұқсат етіледі. Комсток сымыры таралған аймақта олардың ошағының шекарасын анықтау керек.

Осы зиянкеске ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғылыми мекеменің республика карантиндік қызметінен алған рұқсаты болуы қажет. Өнім жеткізілген бекеттерде сол өнімдер, ыдыстар, көлік құралдары міндетті карантиндік тексеруден өткізіледі.

Егер әкелінген өнімнен зиянкес табыла қалса, фумигация жасалады. Өсімдік отырғызыларда жоғары агрофонмен қамтамасыз етіледі. Ағаш діңдерін босаған қабықтарынан тазартып, құраған бұтақтарды кесу, зақымдалған ағаштарды алып тастау қажет. Сондай-ақ екпе ағаштарды битоксибацилин биопрепаратымен өңдеу керек. Күзгі кезеңде тоғышарлардың тірі дернәсілдері бар Комсток сымырының мумиёсі мен қорғалатын екпе ағаштарда олардың шоғырын дайындаған дұрыс. Екпе ағаштарға «...Тізімде» рұқсат етілген инсектицидтер шашу қажет.